

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қарашадағы № 1474 Қаулысы  
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	21 қарашадағы
№ 1474 қаулысына	
қосымша	

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Каспий теңізі түбінің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген қазақстандық учаскесі шегінде келісім-шарт аумағынан тыс мұнай-газ құбырларын салуға рұқсат беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 625 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 24, 250-құжат).
2. «Қазақстан Республикасынан әкелілетін және оған әкелінетін мәдени құндылықтарға сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 маусымдағы № 447 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 199-құжат).
3. «Мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 маусымдағы № 505 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 223-құжат).
4. «Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 534 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 21,

2 4 1 - қ ұ ж а т ) .

5. «Геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 шілдедегі № 574 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 24, 272 - қ ұ ж а т ) .

6. «Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 шілдедегі № 580 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 24, 275-құжат).

7. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 шілдедегі № 574 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қыркүйектегі № 7 7 5 қ а у л ы с ы .

8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы № 1078 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 43, 504-құжат).

9. «Қолға ұстайтын жауынгерлік атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 ақпандағы № 84 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 4, 45-құжат).

10. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 маусымдағы № 604 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 39, 339-құжат).

11. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № 613 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 15-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 3 9 , 3 4 2 - қ ұ ж а т ) .

12. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1295 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 3-4, 45-құжат).

13. «Биоотын өндіретін зауыттарды салуға рұқсат беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 202 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 23, 281-құжат).

14. «Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму және сарқынды суларды ағызу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2011 жылғы 2 сәуірдегі № 347 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 29, 358-құжат).

15. «Азаматтық және эксперименттік авиация персоналын аттестаттау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 442 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 34, 414-құжат).

16. «Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 766 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 45, 610-құжат).

17. «Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1210 қаулысы.

18. «Штемпель-граверлік кәсіпорындарды ашу және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 қарашадағы № 1333 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 40-құжат).

19. «Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 534 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1567 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 8, 167-құжат).

20. «Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 шілдедегі № 580 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1731 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 18, 289-құжат).

21. «Жерге орналастыру, топография-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 шілдедегі № 574 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 121 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 27, 370-құжат).

22. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 35, 472-құжат).

23. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында аттестаттау және қайта

аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы № 671 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 52, 706 - құжат).

24. «Қолға ұстайтын жауынгерлік атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 ақпандағы № 84 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 720 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 54, 735-құжат).

25. «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 55, 754-құжат).